

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының
«Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
мен «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының «Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны және «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

Тараптардың заңнаманы жетілдіруде және ғылыми-практикалық зерттеулерді дамытуда, оқитын контингентті даярлауда, қайта даярлауда және біліктілігін арттыруда күш пен ресурстарды біріктіруде өзара жәрдемдесу қажеттілігін *мойындай отырып,*

өзара қызығушылыққа, теориялық және практикалық маңыздылыққа ие іргелі және қолданбалы зерттеулерді бірлесіп жүргізуді қоса алғанда, заңнаманы тиімді жетілдірудің, ғылыми-практикалық қызметті тиімді дамытудың маңыздылығын *түсіне отырып,*

осы Ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде мынадай түрде ынтымақтасуға уағдаласты:

1. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘНІ МЕН ТҮРЛЕРІ

1.1. Заң ғылымы мен практикасының өзекті проблемалары бойынша іргелі және қолданбалы сипаттағы бірлескен қорытындылар мен ғылыми-практикалық зерттеулерді өзара тиімді және келісілген жағдайларда жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу.

1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлеу және шығару мақсатында бірлескен авторлық жұмыстар жасау.

1.3. Заң ғылымы мен практикасы, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, қылмысқа қарсы күрес проблемалары бойынша бірлескен ғылыми-практикалық зерттеулер, ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер мен форумдар өткізу, бірлескен іс-шаралар қорытындылары бойынша жинақтарға мақалалар жариялау.

1.4. Заң ғылымы мен практикасының өзекті мәселелері бойынша өзара консультация беру.

1.5. Заң ғылымы мен практикасының неғұрлым өзекті проблемалары, мемлекеттік билік институттарын дамыту, заңнаманы қолдану, заңдылық пен

құқық тәртібін қамтамасыз ету, қылмыстың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ заңнамалық актілердің тиімділігін талдау жөніндегі тәжірибені зерделеу мақсатында мамандар алмасу.

1.6. Тұрақты негізде ғылыми-практикалық әдебиеттермен алмасу.

1.7. Шарттық негізде оқу, танысу және ғылыми тағылымдамалар, практикалар ұйымдастыру және өткізу.

2. ӨЗАРА АҚПАРАТ АЛМАСУ

2.1. Тараптар, қажет болған жағдайда, құқықтық, талдамалық, ғылыми-практикалық сипаттағы ақпарат және алмасуға заңнамада тыйым салынбаған немесе шектелмеген өзге де ақпарат алмасуда бір-біріне өзара көмек пен жәрдем көрсетеді.

2.1. Тараптар осы Меморандум шеңберінде алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға кепілдік береді.

2.2. Тараптардың келісімі бойынша бірлескен қызметтің нәтижелерін Тараптардың тиісті органдары (бөлімшелері) бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуі мүмкін.

3. ҚОСЫМША ІС-ШАРАЛАР

Осы Меморандум кез келген Тараптың бастамасы бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған өзге де іс-шараларды өткізу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

4.1. Тараптар осы Меморандум жасалғанға дейін құрылған Тараптардың әрқайсысының зияткерлік меншік құқықтарын сақтауға міндеттенеді.

4.2. Осы Меморандумды орындау шеңберінде құрылған зияткерлік меншік құқығы оны жасаған Тарапқа тиесілі.

4.3. Осы Меморандумды орындау шеңберінде Тараптар бірлесіп жасаған зияткерлік меншікке қатысты Тараптар оны құқықтық қорғау, пайдалану және құпиялылықты қамтамасыз ету тәртібі туралы жеке келісім жасасуға міндеттенеді.

5. ІС-ШАРАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Осы Меморандумда белгіленген іс-шараларды қаржыландыру Тараптардың келісімі бойынша Тараптар арасында жасалған қосымша келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

6. КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ШАРТТАРЫ

6.1. Осы Меморандум Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

6.2. Осы Меморандумға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделуі тиіс және оған Тараптар қол қоюы керек.

6.3. Осы Меморандумның қолданылу мерзімі – егер Тараптардың бірі екінші Тарапты осы Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы оның қолданылуының кезекті кезеңі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей жазбаша нысанда хабардар етпесе, келесі бес жылдық мерзімге автоматты түрде ұзартумен бес жыл.

6.4. Тараптардың әрқайсысы өзінің ниеті туралы екінші Тарапты кемінде үш ай бұрын жазбаша нысанда хабардар ете отырып, Меморандумның қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтата алады.

6.5. Меморандумға 2022 жылы «30» мамыр мемлекеттік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада қол қойылды.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Осы Меморандумды іске асыру процесінде туындайтын және жоспарланған іс-шараларды орындауға кедергі келтіретін даулы мәселелер мен жағдайлар Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы ғана шешіледі.

7.2. Даулы мәселелер мен жағдайларды қарау үшін Тараптар екі жақты комиссия құруға құқылы, оның қорытындысы Тараптардың келіссөзі процесінде ескерілуі мүмкін.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ

**«Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы»
республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны**

Мекенжай: 0100000, Қазақстан
Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,
Абай д., 33а
тел: +7 7172 75 32 68
e-mail: info@apa.kz

Ректор

Әбіл Ерлан Қуанышұлы



**Қазақстан Республикасы
Президенті Іс Басқармасы
Материалдық-техникалық
камтамасыз ету басқармасының
«Парламентаризм институты»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны**

Мекенжай: 0100000, Қазақстан
Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,
Мәңгілік ел даңғылы, 8
тел: +7 7172 24-81-87
e-mail: instparlam.umto.kz

Директор

**Махамбетов Мансұрхан
Махамбетұлы**



МЕМОРАНДУМ
о сотрудничестве между Республиканским государственным предприятием
на праве хозяйственного ведения
«Институт парламентаризма»
Управления материально-технического обеспечения
Управления делами Президента Республики Казахстан и
Республиканским государственным казенным предприятием «Академия
государственного управления при Президенте
Республики Казахстан»

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Институт парламентаризма» Управления материально-технического обеспечения Управления делами Президента Республики Казахстан и Республиканское государственное казенное предприятие «Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан», именуемые в дальнейшем «Стороны»,

признавая необходимость взаимного содействия Сторон в совершенствовании законодательства и развитии научно-практических исследований, объединения усилий и ресурсов в подготовке, переподготовке и повышении квалификации обучаемого контингента,

осознавая важность эффективного совершенствования законодательства, эффективного развития научно-практической деятельности, включая совместное проведение фундаментальных и прикладных исследований, имеющих взаимный интерес, теоретическую и практическую значимость,

договорились сотрудничать в рамках настоящего Меморандума о сотрудничестве следующим образом:

1. ПРЕДМЕТ И ФОРМЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

1.1. Планирование, организация и проведение на взаимовыгодных и согласованных условиях совместных заключений и научно-практических исследований фундаментального и прикладного характера по актуальным проблемам юридической науки и практики.

1.2. Создание совместных авторских работ в целях разработки и выпуска методических пособий и рекомендаций по вопросам совершенствования законодательства Республик Казахстан.

1.3. Проведение совместных научно-практических исследований, научно-практических конференций, симпозиумов, круглых столов и форумов по проблемам юридической науки и практики, укрепления законности и правопорядка, борьбы с преступностью, публикация статей в сборниках по итогам проведенных совместных мероприятий.

1.4. Взаимное консультирование по актуальным вопросам юридической науки и практики.

1.5. Обмен специалистами в целях изучения опыта по наиболее актуальным проблемам юридической науки и практики, развития институтов государственной

власти, применения законодательства, обеспечения законности и правопорядка, предупреждения и противодействия преступности, а также анализу эффективности законодательных актов.

1.6. Обмен на постоянной основе научно-практической литературой.

1.7. Организация и проведение на договорной основе учебных, ознакомительных и научных стажировок, практик.

2. ВЗАИМНЫЙ ОБМЕН ИНФОРМАЦИЕЙ

2.1. Стороны, в случае необходимости, оказывают друг другу взаимную помощь и содействие в обмене информацией правового, аналитического, научно-практического характера и иной информацией, обмен которой не запрещен или не ограничен законодательством.

2.1. Стороны гарантируют соблюдение конфиденциальности информации, полученной в рамках настоящего Меморандума.

2.2. По согласованию Сторон результаты совместной деятельности могут освещаться в средствах массовой информации соответствующими органами (подразделениями) Сторон.

3. ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ

Настоящий Меморандум не исключает возможности проведения по инициативе любой из Сторон иных мероприятий, направленных на расширение сотрудничества.

4. ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ СОБСТВЕННОСТЬ

4.1. Стороны обязуются соблюдать права на интеллектуальную собственность каждой из Сторон, созданную до заключения настоящего Меморандума.

4.2. Права на интеллектуальную собственность, созданную в рамках выполнения настоящего Меморандума, принадлежат создавшей ее Стороне.

4.3. В отношении интеллектуальной собственности, созданной Сторонами совместно в рамках выполнения настоящего Меморандума, Стороны обязуются заключить отдельное соглашение о порядке ее правовой охраны, использования и обеспечения конфиденциальности.

5. ФИНАНСИРОВАНИЕ МЕРОПРИЯТИЙ

Финансирование мероприятий, обозначенных в настоящем Меморандуме, осуществляется по согласованию Сторон на основе дополнительных соглашений, заключенных между Сторонами.

6. ДЕЙСТВИЕ И УСЛОВИЯ РАСТОРЖЕНИЯ СОГЛАШЕНИЯ

6.1. Настоящий Меморандум вступает в силу со дня его подписания Сторонами.

6.2. Любые изменения и дополнения к настоящему Меморандуму должны быть оформлены в письменном виде и подписаны Сторонами.

6.3. Срок действия настоящего Меморандума - пять лет с автоматической пролонгацией на следующий пятилетний срок, если одна из Сторон не уведомит в письменной форме другую Сторону о своем намерении прекратить действие данного Меморандума не позднее, чем за месяц до истечения очередного периода его действия.

6.4. Каждая из Сторон может досрочно прекратить действие Меморандума, уведомив о своем намерении в письменной форме другую Сторону не менее чем за три месяца.

6.5. Меморандум подписан «30» мая 2022 года в двух подлинных экземплярах на государственном и русском языках.

7. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

7.1. Спорные вопросы и ситуации, возникающие в процессе реализации настоящего Меморандума и препятствующие выполнению запланированных мероприятий, решаются исключительно путем переговоров между Сторонами.

7.2. Для рассмотрения спорных вопросов и ситуаций Стороны вправе создавать двустороннюю комиссию, заключение которой может быть учтено в переговорном процессе Сторон.

8. РЕКВИЗИТЫ И ПОДПИСИ СТОРОН

Республиканское государственное казенное предприятие «Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан»

Адрес: 010000, Республика Казахстан, город Нур-Султан
пр. Абая, 33а
тел: +7 7172 75 32 68
e-mail: info@apa.kz

Ректор

Абил Ерлан Куанышұлы



Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Институт парламентаризма» Управления материально-технического обеспечения Управления делами Президента Республики Казахстан

Адрес: 0100000, Республика Казахстан, г. Нур-Султан,
ул. Мәңгілік Ел, 8
тел: +7 7172 248187
e-mail: parlam.inst@gmail.com

Директор

Махамбетов Мансурхан
Махамбетович

